



## ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

ӘӘЖ 343.359 (574)

Бижен Н.Р.,  
Абраманов Е.

### САЛЫҚТАН ЖӘНЕ КЕДЕН ТӨЛЕМДЕРІНЕН ЖАЛТАРУДАҒЫ ҚЫЛМЫСКЕРДІҢ ТҮЛГАСЫ

*В данной статье рассматривается  
личность преступника в сфере  
налоговых преступлений.*

*The personality of criminal in the sphere of  
tax crimes is described in this article.*

Қылмыстарды дер кезінде алдын алу үшін қылмыскер тұлғасын анықтауға басты күш салудын маңызы зор. Себебі қылмыскер тұлғасын сипаттайтын қасиеттердің көметімен қылмыс себептерін анықтауға мүмкіндіктер бар. Жеке тұлға деп қылмыстық жүріс-тұрыстың негізгі механизмін атайдыз. Қылмыстық әрекет тудыратын ерекше қасиеттердің бірі қылмыстың алдын-алуының тікелей объектісі. Қылмыскер коғамның бір мүшесі. Соңықтан оны рухани, құқықтық этикалық және басқа да құндылыктарды жеке психологияның түрлі нысанын игерген тұлға ретінде қараған жөн. Бұл тұтасымен қылмыстық жүріс-тұрыстың, оның субъективтік себебінің қайнар көзін құрайды. Қылмыскердің тұлғасы әлеуметтік, психологиялық, құқықтық, медициналық және басқа аспекттерде қаралады. Криминологиялық зерттеу жүргізу барысында тұлғаның қылмыстық жүріс-тұрыс, мінез-құлық тудыратын, алдын алу мақсатындағы қасиеттерін анықтау және жеке баға беру қажет. Тұлғаның ішкі ерекшеліктері қылмыска алып келуі жағдайы қылмыскер тұлғасының коғамдық қауіптілігінін мәнін құрайды, ал қылмыстық мінез-құлық осыдан туындейды. Белгілі мақсаттағы жүріс-тұрысты аталған ерекше қасиеттер сакталған жағдайда өзгерту мүмкін емес.

Мұнан қылмыстық әрекетке әлеуметтік факторлардың әсері аз деген тұжырым жасау асығыстық. Біріншіден: тұлғаның криминогенді қасиеттері аталған факторлардың әсерінен қалыптасады. Екіншіден: қылмыстың жасалуына сыртқы орта әсер етеді. Бірақ, мұндай жағдайды әр адам әркелі қабылдайды. Сонымен жекелеген мінез-құлық механизмінде қылмыскер тұлғасы сыртқы факторларға қарағанда басты роль атқарады. Соңықтан да қылмыстың жасалуын тұлғаның нақты өмірдегі ситуациядағы жай арақатынастың нәтижесі деп қараста болмайды. Қылмыс ситуациялық факторлармен өзара байланысты тұлғаның криминогендік қасиеттерінің нәтижесі болып табылады. Криминогенді қасиеті бар адам барлық уақытта қылмыс жасай бермейді, ол тұлғаның өзіне кедергі бола алатын сыртқы жағдайларға байланысты.

Қылмыс субъектісі ретінде занмен танылған тұлғағана қылмыскер бола алады. Бұл категорияны белгілі шекте яғни: сот қылмыс жасады деп танылған сэттен, қылмыстық жазаны өтеп болғанға дейінгі аралықты қарастырамыз. Жазасын өтеп болып, соттылығынан арылғаннан



кейін адам қылмыскер түлғасы ретінде есептелінбейді. Адамды түзелгендейтін емес, мерзімі өткен сон жазадан босатады. Шын мәнінде сотталушы жазасын өтеп болған сон түзелеуі де түзелмеуі де мүмкін. Егер ол түзелмесе, онда қылмыскер түлғасы жайты емес, қоғамға қауіптілігі бар түлға жөнінде сөз айттылады.

Қылмыскер түлғасын мына жағдайларға қатысты зерттеген жөн:

- қылмыс жасағанға дейінгі, қылмыс үстіндегі қылмыскер түлғасы;
- сот әділдігі жүріп жатқан кездегі қылмыскер түлғасы;
- жазасын өтегу кезіндегі қылмыскер түлғасы.

Іздену жұмыстарының нәтижесінде төмендегілер анықталды: салықтық қылмыскерлердің 21-30 жастағылары – 20%; 31-40 жастағылар – 36%; 41-50 жастағылары – 36%; 51-ден жоғары жастағылары – 8% құрайды. Қылмыстық жауаптылықта тартылатын түлғалардың басым көшілілігі енбекке қабілетті 38 жастағылар болып келеді екен. Қылмыскерлердің 74% – ерлер құрайды екен. Бұл жағдайды ұжым басшыларының арасында ер кісілердің көптігімен түсіндіруге әбден болады. Салықтық қылмыс жасаған әйелдер, әдетінше бухгалтерлік есеп және есеп берумен айналысатын қызметтерді аткарады.

Жанама салықтан жалтаратын түлғалар қатарында 20 жастан кіші азаматтарды кездестіру өте киын, себебі, олардың бұл жаста тиісті білімі жоқ, өмірлік тәжірибесі, іскерлік беделі аз, тиісінше басшылық қызмет атқаруға мүмкіндіктері де болмайды. Салықтық қылмыскерлер жоғары дәрежедегі білімдерінің болуымен ерекшеленеді. Қылмыскерлердің 58%-ның жоғары немесе толық емес жоғары білімдері бар, тіпті ғылыми атактары бар қылмыскерлер де жоқ емес. 22% – арнайы орта білімді түлғалар. Әрине, бухгалтерлік есеп жүргізу, есеп беруге жауапты азаматтардың тиісінше арнайы білімі, мамандықтары болу шарт.

Казакстан Республикасы аймағында салықтық қылмыстарды жасағандығы анықталған түлғалардың сандық көрсеткіші төмендегідей: 2001жылы – 965 түлға, оның бұрын соттылығы барлығы – 43; 2002 жылы – 663 түлға, оның бұрын соттылығы барлығы – 28; 2003 жылы – 300, бұрын соттылығы барлығы – 12; 2004 жылы – 251, оның бұрын соттылығы барлығы – 4; 2005 жылдың 11 айы – 274, оның бұрын соттылығы барлығы – 10 адам. Бұрын сотталғандары салықтан жалтарудың 3,5%-ін құрайды. Казакстан Республикасы бойынша салықтық қылмыстары үшін жауапқа тартылғандар (сот үкімі күшінен енген) саны мынадай: 2001 жылы – 551, 2002 жылы – 306, 2003 жылы – 176, 2004 жылы – 111, 2005 жылдың 9 айы – 126.

Жанама салықтан жалтаруға алдыменен ұсыныс білдірген 90% ұжым басшылары, кәсіпорын иелері болған. Қылмыстарды жасау барысында ұжым басшылары бухгалтерлерге өздері жасаған қаржылық-шаруашылық операциялар туралы айта бермейді, одан түсken кірістерді кассага тапсырмай өз қажеттіліктеріне жұмсайды. Бухгалтерлер әдетте енбек шарты не қосымша жұмыс негізінде қызмет жасайды, ұжым пайдаларын, кірістерін бөлмегендіктен салық салу объектілерін жасыру әрекетіне аса құштарлық танытпайды. Сондықтан да бухгалтерлер салықтық қылмыстарда қылмыска қатысушы ролін аткарады. Тек ұжым, кәсіпорынның құрылтайшысы, не басшылардың отбасы мүшесі, не өкілдері болатын бухгалтерлік қызметші қылмыста белсенділік танытады. Зерттелінген қылмыстың тек 6% ғана бухгалтерлер жасағандардан.

Бұл орайда, зерттеу жұмыстарын жүргізуде билік өкілдерінің бірі – соттардың да алатын орнын бар.

Қазіргі таңда біздін мемлекеттімізде саяси реформаларға сай сот жүйесіне елеулі өзгерістер орын алды. Айтып өтетін болсақ, Алматы, Астана қалаларында көмелетке толмағандармен жеке айналысатын ювеналдық сот құрылды, алқабилердің қатысуымен өлім жазасы көзделген қылмыстық істер қарau жузеге асырылуыда, занда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындау және қамауда ұстауда болатыны белгіленді. Жоғарғы сот Консесіне біліктілік алқасы біріктірілді. Бұл Қазакстан Республикасы Конституциясының 75-бабында көрсетілгендей сот төрелігін жузеге асыруши сот жүйесінің қызметініне, сондай-ақ, судья кадрларын ірікте алуға үлкен мүмкіндіктер жасайды [1].

Шет мемлекеттердегі сот практикасында да мұндай ювиналды соттар көнінен пайдаланылады. Испанияда жалпы сотқа қатысты дербес 1918ж. құрылған жасөспірімдер істеріне қатысты соттар қызмет етеді. Сондай-ақ, Греция мемлекеттінде де мамандандырылған соттардың ішінде, экімшілік әділет соттары, қаржылық соттарымен қатар жасөспірімдер ісі бойынша соттар да бар.

Алматы мен Астана қалаларында эксперименталды түрде ашылған көмелетке толмағандардың ісі бойынша мамандандырылған ювиналды соттардың қазіргі кезде маңызы зор.



Мұндай соттардың құрылуы – қазіргі таңдағы заман талабы. Себебі, кәмелетке толмағандардың ойлау қабілеттілігі, іс-әректтерінен туындастырылған жауапкершіліктерді сарапау, коршаған қоғамдағы болып жатқан құбылыстары өзіне қабылдау, оны қорыту, қайта жаңғыру процестері басқа тұлғаларға қарағанда тәмен. Оларша ойлайтын, оларша есеп жүргізетін оларша іс қимыл жүргізетін зангерлер, мамандар қажет. Мұндай зангерлердің, мамандардың тек алдың ала тергеу барысының ғана болуы сот барысындағы қылмыстық істерді қарастыру кезінде кәмелетке толмағандар құқығының шектелуіне алып келеді.

Сот жүйесіне келтірілген өзгерістер, соттардың кәмелетке толмаған тұлғаларға қылмыстық іс әрекет немесе әрекетсіздіктері үшін ҚР Қылмыстық кодекстің 79-бабы бойынша жаза тағайындағанда он әсерін тигізтері ҳақ [2].

Салықтық қарым-қатынастарды реттеп отырған еліміздің салық кодексінде салық төлеуші ретінде Қазақстан Республикасының азаматы, яғни 16 жасқа толған тұлға болғанымен, сол салық төлеушілердің ішінде бұданда жастары кездесіп отырады. Оның негізі – ата-аналарының, жақын туыстарының, жана шығарлары, Ата заңымыздың 12-бабын басшылыққа ала отырып, жасөспірімдерге салық төлеудің объектілері болып табылатын мұліктер, мұліктік емес және тағы басқа да заттарды сыйға тартуы. Салықтан жалтарушы пайдакуңем қылмысқер, өзінін тұлғасын кәмелетке толмаған адамдардың бейнесі арқылы жасыру фактісі қоғамдағы кездесіп жататын жағдайлардың бірі. Құқықтық мәдениеттің төмөндігінен, салық заннамаларына салғырттықтын салдарынан құқықкорғау органдарымен төленбеген салықтар мен басқа да алымдар бойынша қылмыстық істер қозғалып жатады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық істер жүргізу кодексіндегі 52-тарауда қылмыстық істердің жекелеген санаттары бойынша іс жүргізудің ерекшеліктері ретінде кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша іс жүргізу бөлек көрсетілген [3]. Мемлекеттің кәмелетке толмағандардың арасындағы қылмыстық істі ала тергеу барысындағы құқықтық ерекшеліктеріне тоқаталып кетсек те болады. Қазақстан Республикасының «Қылмыс жасағандағы сезіктілер мен айыпкерлерді қамауда ұстау ережелері мен тәртіптері туралы» 1999 жылғы 30 наурыздағы №353-1 ЗРК занының 30-бабында (3-тармағы) аталаған көрсетілген [4].

ҚР Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 480-бабындағы кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша іс жүргізудің тәртіптеріне сай, ол тұлға 18 жасқа толмаған адамдардың істері бойынша колданылатыны және де іс жүргізу тәртібі айыпталушы сот ісін жүргізу кезінде кәмелетке толған жағдайларда колданылмайтыны атап көрсетілген. Соңдай-ақ, бұл кодекстің талаптары бойынша қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге оқиға мен қылмыстық занда көзделген қылмыс құрамының белгілері (қылмыстың жасалу уақыты, болған жері, әдісі және басқа да мән-жайлар); қылмыстық занмен тыым салынған әрекетті кімнің жасағандығы; адамның қылмыстық занмен тыым салынған әрекетті жасаудағы кінәлігі, оның кінәсінің нысаны, жасалған әрекеттің себеп-дәлелдері, зандалық және іс жүзіндегі қателіктер; айыпталушының жауаптылығының дөрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайлар; айыпталушының жеке басын сипаттайтын мән-жайлар; жасалған қылмыстың зардалттары; қылмыспен келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері; әрекеттің қылмыстылығын жоққа шығаратын мән-жайлар; қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға әкеп соқтыратын мән-жайлар. Сонымен қатар, алдың ала тергеу барысында қылмыстық кудалау органдары және судьялар сот талқылауын жүргізу кезінде кәмелетке толмағанның жасы (туған күні, айы, жылы); кәмелетке толмағаннан түрмисы мен тәрбие жағдайы; интеллектуалдық, ерік-жігерінің және психикалық даму дөрежесі, мінезі мен тегеуінділік ерекшеліктері, мұқтаждары мен мұдделері; кәмелетке толмағандарға ересек адамдар мен басқа да кәмелетке толмағандардың ықпалы анықталуға тиіс.

Еліміздің аталаған тұлғаларға қатысты қылмыстық істерді жүргізу және сотта қарастыру кезіндегі заннамаларда біршама ретткे келтірілгенімен, әліде болса өзгертулер мен толықтыруларды жасауды талап етуде. Атап көрсететін болсақ, ҚР ҚІЖК-нің 352 бабына сәйкес 14 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған жәбірленешіден, куәдан жауап алу, ал соттың қалауынша – 14 жастан 18 жасқа дейінгі мұндай адамдардан жауап алу педагогияның қатысуымен жүргізіледі. Қажет болған жағдайда ата-аналары немесе кәмелетке толмаған адамның өзге де занды өкілдері шақырылады. Аталаған адамдар тәрагалық етушінің рұқсатымен жәбірленешіге және куәға сұрақ қоя алады. Бұл жерде атап өтетін жағдай, педагогияның қатысуы соттың құзіретіне емес, кәмелетке толмаған тұлғаның, оның ата-аналарының, асырап алушылардың немесе өкілдерінің құқығында болуы тиіс. Себебі, мұндай тұлғалар түгіл, сот талқылауында кейбір кәмелетке толған тұлғалардың өзі айғақ беру кезінде толқуы, дәлелдемелерді және болған оқиға туралы көрсетпелерді толық, анық айтып бермеуі де мүмкін. Қажет болған жағдайда ғана



ата-аналары мен өкілдерінің сот талқылауына қатыстырылуы көмелетке толмаған тұлғалардың ондай сот отырыстарына қатысы, олардың іс-әректтеріне толық жауап бере алмауына әкем соғып, психикалық жағдайларына қатты әсер етеді.

ҚР ҚҰЖК-нің 352 баптың 3-тармағына сәйкес тараптардың өтініші бойынша немесе соттың бастамашылығы бойынша көмелетке толмаған жәбірленуші мен күдан жауап алу сотталушы жоқ кезде жүргізілуі мүмкін, бұл туралы сот қаулы шығарады. Ал, ҚР ҚҰЖК-нің 7-бабының 11 тармағына сай көмелетке толмағандар тараптар қатарына (ҚР ҚҰЖК-нің 32,33 баптарындағы қылмыстық ізге түсу жеке түрде жүргізілген жағдайлардан басқа) жатпайды.

Бұл кезде жастар өздерінің жасаған іс-әрекеттеріне түгелдей есеп бере алмайды, өмірдегі тәжірибесі жеткіліксіз. Қөптеген жас адамдар ете қызба келеді, олардың психикасы тұрақсыз, мінездүкүлкін ұстай алатын әлеуметтік механизімдері әлі орнығып болмаған. Соңдықтан, сотталушының жоқ кезінде жауап алу тараптардың өтініші мен соттың бастамасымен емес, бұл көмелетке толмағандардың құқықтары сот процесінде міндетті түрде жүзеге асырылуы тиіс.

Жағдай жасалған реттерде көмелетке толмаған сезікті мен айыпталушыларға кинофильмдер көрсетіледі, телепередачаларды көрсетеді, спортпен шұғылдану үшін ғимараттармен, ашық жерлерде спорт алаңдарымен қамтамасыз етіледі- деп көрсетілген. Аталған шара жағдай жасалған реттерде ғана емес, ол барлық уақытта болуы тиіс. Салауатты өмір салты бойынша өмір сүру қағидасына да тұра келуі тиіс.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 488-бабының 2-тармағына сай 16 жасқа толған көмелетке толмағандар туралы істе тергеүшінің, соттың ұйғаруы бойынша емес, педагогтер мен психологтар барлық көмелетке толмағандардың ісіне қатысы керек.

Психологтардың, педагогтердің алдын ала тергеубарысына, сот талқылауына қатыстырылмауы, көмелетке толмаған тұлғалардың ондай тергеу жүргізілген кезеңдерде, сот отырыстарында толкуының, корқуының салдарынан олардың іс-әректтеріне толық жауап бере алмауына әкем соғып, психикалық жағдайларына қатты әсер етеді. Бұл да аталған тұлғалардың алдын ала тергеу барысында берген жауаптарының шынайылығының, оның көрсетпелерін сотта дөлелдеме ретінде колдануға болатынына кепілдіктің болуына күмән туғызады.

Сонымен, аталған толықтырулар мен өзгерістер зандаға енгізілетін болса, салықтықтан жалтарушы қылмыскердің тұлғасына қатысты сот әділдігін жүргізу мен занды үкім шығуының кепілі болуына мүмкіндік береді.

#### Әдебиеттер:

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: ЮРИСТ, 2006. – 5 б.
- 2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2005. – 77 б.
- 3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2008. – 164 б.
- 4 Қазақстан Республикасының «Қылмыс жасағандағы сезіктілер мен айыпкерлерді қамауда ұстау ережелері мен тәртіптері туралы» 1999 жылғы 30 наурыздағы №353-1 Заны.